

Ірі төлемдерді аудару жүйесінің негізгі моделдері

Сс -306 Ділдабай Әйгерім
Абижат Нұртай

Банкаралық есеп айырысу жүйесіндегі маңызды орынды клирингтер иеленеді. Олар SWIFT банкаралық жүйесіне негізделген.

Қазақстан Республикасы аумағында нақтылы уақыт режимінде істейтін бүтіндей төлемдер жүйесі *Қазақстан банк аралық есеп айырысу орталығы «ҚБЕО»* негізінде 1996 жылы тамызынан бастап жұмыс істеуде. Бұл жүйе бұрын *ірі төлемдер жүйесі* деп аталған болатын.

1996 жылдың соңына қарай өз қызметін бастаған Ірі төлемдер жүйесінің қызметі соңғы жылдар ішінде тиімді жүргізілуде. Осы уақыт аралығында Ірі төлемдер жүйесі бағдарламалық қамтамасыз ету мен техникалық модернизациялауда көптеген өзгерістерді басынан өткізді. Бірақ Ірі төлемдер жүйесін бүгінгі күні-тиімді әрі қауіпсіз төлем жүйелеріне жатқызуға болады.

Ақша аударумен банкаралық жүйедегі ірі төлемдерді жүргізудің мақсаты осы жүйені пайдаланудағы ҰБ-гі шотындағы ақша қаражатын қолдана отырып сол қаражат шегінде операциялық күн ішінде ұлттық валютада қайтарымсыз және түпкілікті есеп айырысуды қамтамасыз ету. Бұл жүйеде ірі және үлкен басымдылыққа ие төлемдер жасалады.

Төлемдер жүйеге тәулік бойы 24 сағат жіберіле алады. Оның нәтижесінде тәулігіне бір рет сағатына 15-16 жүреді. Егер ақша қаражаты төлемге жетпей қалса бұл құжат клиентке қайтарылады. Ірі төлемдердің жоғары соммасы бір төлемге 3 млн.тг шектелген. Банктің операция күні 9-15 дейін белгіленген. Оны әрбір банк өзі белгілейді.

Ірі төлемдер жүйесін қызметін қолдану туралы келісім –шарт жасау үшін банк немесе банктік емес қаржылық ұйымдар келесі құжаттарды береді:

- Ірі төлемдер жүйесіне қосылу үшін арыз.
- Қолданушының жарлығымен банктік операцияларды жүргізу лицензиясының нотариалды куәландырылған көшірмелері .
- Ірі төлемдер жүйесіне қатысу туралы Ұлттық банктің келісімі .

Қазіргі кезде Ірі төлемдер жүйесін қолданушылардың қатарына екінші деңгейлі банктер, жекелеген банкілік операцияларды жүзеге асыратын ұйымдар, сонымен қатар Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі де жатады. Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі Ірі төлемдер жүйесіне қатысу үшін, Қазақстан Ұлттық банкінің корреспонденттік шотына сақталған сома шегінде қолданушылардың ақша аударымына кепілдік береді.

ҚР-ы банкаралық есеп айырысу орталығында төлем жүйесінің негізгі құралы электрондық төлемдер болып табылады .

Ірі төлемдер жүйесіндегі электрондық дегеніміз –бір қолданушыладың екінші қолданушының есебіне ақша қаражаттарын туралы аудару табылады,

Төлемдер жүйесіндегі кредиттік аударым дегеніміз-ірі төлемдер жүйесіне төлем құжаттарын төлеуші енгізетін ақша қаражаттарын аудару түрі табылады.Ірі төлемдер жүйесінде кредиттік төлемдемелер ешқандай шектеусіз жүзеге асырылады.

Төлемдер жүйесіндегі дебиттік аударымдар -тек қолданушы төлеушілердің алдын- ала берілген келісімімен және ол сәйкес түрде жазбаша келісім негізінде мүмкін болады.

Қазіргі таңда әлемде үш ірі төлем жүйесі белгілі:

- «*Visa International*» -карточкаларының саны мен айналымы бойынша ең ірі халықаралық төлем жүйесі болып табылады. 1972 жылы Bank of America базасында негізі қаланған. Әлемдік нарықтығы үлесі – 50 % шамасында.
- *Eurocard-Mastercard International*– америкалық Mastercard және еуропалық Europay (Europay Eurocard және Eurocheck компанияларының бірігуі нәтижесінде пайда болды) компанияларынан тұратын 1992жылы негізі қаланған консорциум. Әлемдік нарықтығы үлесі – 20 % шамасында.

- ***Dinners Club International (DCI)*** – бірінші болып пластикалық карточканы 1949 жылы шығарған американдық компания, карточкалар алғашында Нью-Йорк ресторандарына арналған болатын. Кейіннен Dinners Club карточкалары бүкіл әлемге тарап, American Express сияқты саяхатшыларға қызмет көрсете бастады. Қазіргі кезде DCI Citicorp америкалық қаржылық тобына 100 % тиесілі және штаб-пәтері Чикагода орналасқан. Dinners Club-тың әлемдік нарықта алатын орны көп емес, шамамен 2 %.

ҚР ҰБ ақша аударымдарын жеделдету мақсатында СВИФТ аймақтарында процессорын ашты. Ол корреспонденттермен ыңғайлы байланыс жасауға операцияларды жедел жүзеге асыруға ақша қорларын тиімді пайдалануға қателіктер тәуекелін төмендетуге мүмкіндік береді. ҚР әр айлық төлем айналымы 70 млн. АҚШ доллар шамасында жүргізіледі. Қазіргі бәсекеге және меншік жағдайында әр кәсіпорын өз шаруашылығының бағыты бойынша бірнеше контрагенттерге ие болуға тырысады. Бұл өз кезегінде бөлшек төлемдер жүйесінің рөлін асырады.

Клирингтік орталықтың әрбір аймақ аудандарында ашылуы ірі төлемдер жүргізу мен бөлшек төлемдердің көбеюіне алып келсе, ҰБ бөлшек төлемдер бәсекені көтеру, банк қызметінің сапасын жақсарту мақсатында ҚР аумағында 1990 жылы тамызынан бастап ҰБ –тың облыстық бөлімшелері жанынан ашылған клирингтік палатаның қызметін жойды. Осылайша нарықтық экономикалық эвалюциялық дамуына жол ашты. Қазіргі Қазақстанда ақша аударымдары бойынша халықаралық есеп айырысуда ТМД елдері ішінде алдыңғы орында.